

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы

Тобы: «Күншуақ» ересек топ

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшак), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты аяқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.
	Сөйлеуді дамыту	Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).
	Көркем әдебиет	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз

		әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
	Қазақ тілі	Тақырыпқа байланысты сөздермен таныстыру; «Мынау не?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «І», «Һ», «Ө», «Ү», «Қ», дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (жиһаз, айна, керуерт, сөре, жат, отыр)
	Математика негіздері	Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).
	Қоршаған ортамен таныстыру	Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.
	Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәnniң түрлері және т.б.) және қалдық (қаппақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.
	Сурет салу	Заттық сурет салу. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).

		Сюжеттік сурет салу: Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Сәндік сурет салу. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалшықтың, камырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу; Сюжеттік мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. Сәндік мүсіндеу: балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Сюжеттік жапсыру: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту Сәндік жапсыру Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Күншуақ» ересек топ

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.02—09.02.2024ж

Апта күндері	Дүйсенбі 05.02.2024ж	Сейсенбі 06.02.2024ж	Сәрсенбі 07.02.2024ж	Бейсенбі 08.02.2024ж	Жұма 09.02.2024ж
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңестер	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	«Дүкенші» сюжеттік-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: Балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөліп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу. Ойынның шарты: тәрбиеші дүкенші болып ойнайды. Балалар сатып алушы болады. Балаларға заттың түсін және қай жерде қолданылатынын білтізу. (әлеуметтік эмоционалды дағды) Артикуляциялық жаттығу Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуге тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,х"	«Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: Балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Шаштараздың еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету. (әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік дағдылар) Тақияқ жаттау Монтер ағай Ағай епті қолымен Жүреді ылғи от беріп. Тарам-тарам жолымен Жүгіреді ток келіп. Көшеде, үйде, кеңседе Жүреді ағай шам жағып. Түн ішінде келсе де, Ол жүрген жер жап-жарық. Мұзафар Әлімбаев (коммуникативтік дағды)	"Бөлме өсімдіктерін сугару". Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Тақияқ жаттау Шахтер Шахтерді ел біледі, Оған сарай – жер асты. Көмір қазып жүреді,	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек дағдылары) «Біз құрылысшымыз». Балаларға құрылыс материалды	Санамақ Санамақтың сан түрін, Кәне, біздер санайық! Оңға дейін санды біз Қолымызға алайық! Бір,екі, үш Тандайықшы түс. Төрт,бес, алты Тату доспыз жалпы. Жеті, сегіз, тоғыз Мынау - қоныр қоныз, Мына саным-он, Қыста киім тон. (коммуникативтік дағды)

Ибраһим

	дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. өс-өс-өс Жігіт болып өс. Ұстаның құралы төс. қа-қа-қа Менде үлкен сақа. (коммуникативтік дағды)		Сорғалатып тер ашы. Бала оқитын эәулім үй Қалмауы үшін суынып, Үйіп көмір тауды ылғи, Береді ол жылылық. С.Мәуленов (коммуникативтік дағды)	ұсынамын, үлгі бойынша заттарды құрастыру. Құрастырылған заттардан көрме ұйымдастыру. (шығармашылық дағды)
Таңғы жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны колмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүтіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырыңға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. (дене шынықтыру)			
Таңғы ас	Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын үстелге қою) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Бата: Асын, асын, асына, Береке берсең басына. Денсаулығың зор болсын, Дастарханның мол болсын.			
Ұйымдастырылған іс	"Алуан-алуан кәсіп"	Мамандықтар туралы	Мамандықтардың	Мамандықтарға Менің арманымдағы

әркетке дайындық	тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	тақтастар жаттау. Құрылысшы Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумақтың Әсем қала саламын. Ш.Садыханов (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	құралдары суретіне қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)	байланысты дидактикалық ойындар ойнау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, математика негіздері)	мамандығым. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Доғадан өрмелеу". Мақсат-міндеттер: бір орыннан (қашықтығы 50 см) ұзындыққа секіру (8-10 рет); 6 м қашықтыққа дейін допты жерге ұрып, жүру (2-3 рет) және тошпен қолын жерге тигізбей доғадан (биіктігі 40 см) өрмелеп (2-3 рет) өтуге жаттықтыру. Қазақ тілі "Мамандықтар. Мақсат-міндеттер: Балалардың ұтымындағы мамандықтар, олардың кәсіптік ерекшеліктері мен қызметі туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды бірнеше мамандық иелерін қолданатын құрал-жабдықтары арқылы ажыратып, атауды үйрету; диалог сөйлеуді жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, көру және	Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеуден ойын жаттығу. Қуыршақтың етігін сәндік Мақсат-міндеттер: Қазақ халқының ұлттық киімдерімен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.	Дене шынықтыру "Жұптасып шынығайық". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіруге үйрету. Жансырудан ойын жаттығу. «Мен құрылысшымын Үй тұрғызамын». Мақсат-міндеттер: Балалардың құрылыс мамандықтары туралы түсініктерін кеңейту; үй құрылыстары туралы білімдерін толықтыру, әр түрлі құрылыс материалдарымен (тас, кірпіш, ағаш, бетон, саз) таныстыруды жалғастыру. Қағаз жолағын кесектерге, шаршыға кесу дағдыларын бекіту, ұқыпты жапсыру тәсілдерін бекіту.	Музыка Педагог жоспары бойынша Сурет салудан ойын жаттығу «Құрылысшыға арналған құралдар» Мақсат-міндеттер: Балалардың еңбек құралдарының түрлері және оларды әртүрлі мамандық иелері жұмыста қалай пайдаланатыны туралы түсініктерін кеңейту	Дене шынықтыру "Мықтылар жарысы". Мақсат-міндеттер: балаларды аяқты бірге қойып секіру; допты бір қолымен кедергі арқылы лақтыруға үйрету. Құрастырудан ойын жаттығу. Мен құрылысшымын. Мақсат-міндеттер: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойландыру, құралдар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.

	есту арқылы қабылдауларын, қатынастық дағылырын дамыту.				
Серуендеуге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Алаңдағы ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар. 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір-біріне немен ұқсас? 4. Олардың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Еңбек: ағаштардың	Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру. Сұрақтар. 1. Бұл машинаның аты қалай? 2. Ол не істейді? 3. Ол қарды қалай жинайды? 4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер? <i>Көркем сөз.</i> Кәне, кімнің бойы ұзын, Паровозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұратын Пойызды біз құрайық. Тапсырма. «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Еңбек: Ауладағы қарды	Саябаққа саяхат. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу. Балалардың сөз құрамында: қыс, қар, мұз, аяз, қар қырш-қырш еттеді, жалтырайды, жылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану. Балаларды табиғаттың қамқоршысы, жанашыры етіп тәрбиелеу. Тапсырма: «Қыс мезгілінің қызығы» атты тақырыпта шағын әңгіме құрастыру, қыстың жағымды, жағымсыз құбылыстары туралы әңгімелеу. <i>Көркем сөз.</i> Ақ қар жауды, Енді аппақ жер өңі Қардан таулар Көленкесін көреді. Еңбек: Аула сыпырушыға	Күн көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғы) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады. 22 желтоқсан ең қысқа күн болып есептеледі. Күндіз күн ұясынан көтеріледі, кешке ұясына батады. Күн қысқа әрі суық. Көленке ұзарды. <i>Көркем сөз.</i> Батар күннің атар таны бар. Еңбек. Аккала жасау. Мақсат-міндеттер: қармен жұмыс істеуге үйрету Қимылды ойын. «Жұп болып эстафета ойының жүргізу». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: шамамен сығанақ	Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау. Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының жағдайын бақылау. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді. <i>Көркем сөз.</i> Қыстың кенже баласы ақпанбысың, Аспан астын ораған ақ қармысың, Алай-түлей бораның, азың да, Әппағым-ау, аз-аздан шақтармысың?! Еңбек. Ауланы қардан тазалау. Мақсат-міндеттер: күректі пайдалана білуге үйрету. Қимылды ойын. «Құстар мен мысық» Мақсаты: шапшандыққа баулу. Еркін ойындар. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.

	түбін қармен жабу. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ағаштың түбін аяздан қардың қорғайтынын балаларға түсіндіру. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еркін ойындар. ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру.	күреуге көмектесу. Мақсат-міндеттер: Үлкендерге көмектесе білуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Қимылды ойын. «Аңшы мен қоян». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: нысанаға затты лақтырып тигізу, жүгіру, өрмелеп жоғары шыға білу. Еркін ойындар. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.	балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу. Мақсат-міндеттер: ерсек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу. (еңбек дағдылары) Қимылды ойын. «Біз көңілді баламыз». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру. Еркін ойындар. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.	тебу. Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. Еркін ойындар. ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау	Мысық, әтеш және түлкі ертегісін айту	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау	Үш аю» ертегісін оқып беру. Жағымды музыка әуесімен балаларды ұйықтату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Шаңғы жаттығуы; (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып-жинау, табанды төсек үстіне	"Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабаңдықтың	Шаңғы жаттығуы; (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып-жинау, табанды төсек үстіне	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру.	"Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабаңдықтың

	үйкеу). Жалпақтабаңдықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.	алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.	үйкеу). Жалпақтабаңдықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.	Жалпақтабаңдықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.	алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын үстелге қою) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (бау қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Кімнің қолынан не келеді?" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балалардың "мамандық" ұғымын қалыптастыру; диалог пен монологтардың сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; жұмбақ пен тақпақ, мақал жөнінде түсініктерді пысықтау; болымсыз етістік туралы ұғымдар қалыптастыру.	Сурет салудан ойын-жаттығу "Етіктің жаңа қос етігі". Мақсат-міндеттер: балаларды қос етік сұлбасыларын қазақтың оюларымен безендіруге үйрету; етіктің қоншысына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған дөңгелектің үстіне "мүйіз" оюын салу техникасын қалыптастыру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Аспаздың кесу тақталары". Мақсат-міндеттер: балаларда "реттік сан" ұғымын қалыптастыру; геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру.	Жансырудан ойын-жаттығу "Әкемнің еңбек құралдары". Мақсат-міндеттер: қағазбен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу Ғажайып пішіндер: Мақсат-міндеттер: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білу және геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, салыстыру.
	Құрастырудан ойын жаттығу "Бағдаршам". Мақсат-міндеттер: Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. . Әр түрлі материалдарды пайдаланып бұйымдар жасауға үйрету. Бос сіреңке қорапшалары арқылы бағдаршам жасауға балалардың шығармашылық	Ұлттық ойын. Аударыспақ «Аударыспақ» — өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кенінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Мамандықтың бәрі жақсы". Мақсат-міндеттер: балаларды мамандықтар маңызымен таныстыра отырып, оларды ажыратып, атай білуге үйрету.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Мен дәрігер боламын". Мақсат-міндеттер: балаларды "Мен дәрігер боламын" өлеңімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу және жатқа айтқызу; сахналау арқылы дәрігердің қимылдары мен сөздерін айтуға жаттықтыру.	

	ойларын дамытып, оны іс жүзінде асыру.	аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір-біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай аяласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт.	аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір-біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай аяласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт.			
Балалармен жеке жұмыс	Топ балаларымен жаттау. Дәрігер Дәрігермін мен деймін, Көрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Көрілікті жең деймін.	Омар, Осман, Нұрислам Артикуляциялық жаттығу. «Сағат» - тілді жіңішкертіп ұстап онға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жақсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.	Аль Рамир, Бексултан «Моншактарды тіз» Мақсат-міндеттер: Ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және моншактардың түсін, көлемін, пішінін тану арқылы ақыл - ой белсенділігін арттыру. Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын дамыту.	Топ балаларымен Театрды сахналау. "Екі әтеш" ертегі желісін масқалармен сахналау.	Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар". Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру.	
Серуендеуге дайындық	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қалағалау	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қалағалау				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру.	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу.	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу.				
Балалардың дербес	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін				

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, егістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Өнер бұрышында мамандықтар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Максат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кендеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.	Ата аналар мен төлем ақы жөнінде әңгімелесу	Нұрғастың, Айзереңнің ата анасымен әңгімелесу Балаларына үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Балалардың тазалығы жөнінде ата аналармен әңгімелесу	Ата аналармен күн тәртібі жайында әңгімелесу.

ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы
Топ: «Күншуақ» ересек топ
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.02–16.02.2024ж

Апта күндері	Дүйсенбі 12.02.2024ж	Сейсенбі 13.02.2024ж	Сәрсенбі 14.02.2024ж	Бейсенбі 15.02.2024ж	Жұма 16.02.2024ж
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңестер	Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар».				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	"Қайсы ең ауыр?" дидактикалық ойын Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту. (танымдық және зияткерлік дағды)	"Бөлме өсімдіктерін сугару". Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Текшелермен ойын. Балаларға текшелер туралы тақпақты тыңдай отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, бағанға қалауға ынталандыру. Қызыл, сары, көк текше, Әрбіреуі ерекше. Көлемдері бірдей, Бір-бірінің үстіне. (танымдық және зияткерлік дағды)	Үстел-үсті ойыны «Ертегінің басты кейіпкерін ата» Мақсат-міндеттер: реакция жылдамдығын, белсенділікті, ойлаудың тәуелсіздігін дамыту, ертегіні кейіпкерге сәйкес атауға үйрету. (коммуникативтік дағды)	"Үйдегі жиназдар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: Үй ішіне қажетті жиназдардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиназдар туралы айта білуге жаттықтыру; жиназдары күтуге тәрбиелеу. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)
Таңғы жаттығу	"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тізмен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен				

	қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау." (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын үстелге қою) Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жуу. Тамақтану әлебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық	"Техника және біз" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Заманауи техникалар туралы әңгіме айту, жаңалықтар ашу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Тұрмыстық техниканы қолдану жайлы және қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Суретке қарап компьютер құрылғысы туралы, компьютермен қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы балалардың өздігінен әңгімелесулері. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Жиһаздар туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Велотренажер". "Велосипед". Мақсат-міндеттер: құм салынған қашпаны 3 м қашықтықтан оң қолымен (нық тұсынан) тік ұстап, нысанаға лақтыру (5-6 рет); биіктігі 40 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өту (2-3 рет) және биіктігі 40 см	Музыка Педагог жоспары бойынша Жансырудан ойын жаттығу. «Телефон» Мақсат-міндеттер: Заттың белгілі бір жеріне бөлшектерді құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен	Дене шынықтыру "Аяқпен жасалатын қимылдардың түрлері". Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ және алшақ адыммен жүру дағдыларын қалыптастыру; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге үйрету.	Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеуден ойын жаттығу. «Үтік» Мақсат-міндеттер: Балаларды тұрмыстық заттарды мүсіндеуге	Дене шынықтыру "Жүгірушілердің жарыстары". Мақсат-міндеттер: балаларды аяқтарын алшақ қойып секіруге; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.

	арқаннан аттап жүруге (2-3 рет), велосипедпен "Велосипедпен" жаттықтыру. Қазақ тілі «Тұрмыстық техника» Мақсат-міндеттер. Тұрмыстық техника туралы түсініктерін кеңейту, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі ролі туралы түсінік беру; таныс сөздерді тауып атауды үйрету; сөз тіркестеріндегі тұрмыстық техниканың қызметін бейнелейтін етістіктерді дұрыс айтуға жаттықтыру; сөз тіркестерін, антонимдік жұптар құрауға үйрету; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.	заттарды киноға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.		қызығушылығын арттыру. Домалату, тегістеу, шымшу әдістері арқылы, бөліктерді біріктіру.	
Серуендеуге дайындық	Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
Серуен	Қыстың негізгі белгілерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету. Көркем сөз. Аппак, аппак, ақшақар Бірін ұстап алайын ...	Өзен, көл, су тоғандарына саяхат. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен жете таныстыру. Мұз	Қардың қасиетін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Көркем сөз. Аққала.	Қардың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек	Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: өткен күндердегідей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар қандай болғанын еске түсіру. Қандай өзгеріс

Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жакан Смаков) Еңбек: балабақша ауласын қардан тазарту. Мақсат-міндеттер: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу. (еңбек дағдылары) Қимылды ойын. «Аяз». Мақсаты тез жүгіруге жаттықтыру. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.	қауіпсіздігіне арналған ережелермен таныстыру? Тапсырма: «Сүңгі мұз» тақырыбына сурет салу. Еңбек: Ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсат-міндеттер: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Қимылды ойын «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүтірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. Ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру.	Аула сырты бақа да, Тұрғызамыз ақсала Ақсаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. Еңбек: Құстарға жем беру. Мақсат-міндеттер: құстарға қамқор бола білуге үйрету(еңбек дағдылары) Қимылды ойын. «Ұстап ал». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.	тапсырмалары (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.) (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. Ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру.	бар? Бір ағашты анықтап, суретін салып, оны күнтізбеге сактау. Балалар бала бақшада тәрбиешінің көмегімен ауа райының жағдайын күнтізбеге белгілеу. <i>Тапсырма</i> «Ашық аспан» тақырыбында сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жаға отырып, түсін келтіруге үйрету. Еңбек: Ойын алаңын қардан тазалауға көмектесу. Мақсат-міндеттер. Еңбекке, тазалыққа баулу. (еңбек дағдылары) Қимылды ойындар. «Сокыр теке». Мақсат-міндеттер: шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру, ептікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттатқызу. Жеке жұмыс. «Кім алысқа лақтырады?» Қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.
---	--	--	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын үстелге қою) Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтану әдебін сақтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балаларға жағымды әуен қойып ұйықтату. (музыка)	«Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау Аудио тыңдау. Ж.Байырбекованың «Бесік жыры» әні (музыка)	Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату (музыка)	«Сауысқан мен көкей» ертегісін оқып беру. балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Шынығу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Көзге арналған жаттығу.	Төсекте жатып керіліп-созылу жаттығуларын орындау. «Қайық» ішпен жатып, алға-артқа тербелу	Төсекте жатып керіліп-созылу жаттығуларын орындау. «Велосипед» арқамен жатып қолмен бірге аяқты қозғалту, велосипед тебу	Төсекте отырып керіліп-созылу жаттығуларын орындау. Басты бұру. Төсекте отыру, қол белде, басты оңға бұру, Қалыпқа келу. Қайталау, сол жаққа Қалыпқа келу.	Төсекте жатып керіліп-созылу жаттығуларын орындау. «Велосипед» арқамен жатып қолмен бірге аяқты қозғалту, велосипед тебу
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын үстелге қою) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу Тұрмыстық техника Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техника жөнінде ұғымдарын дамыту; сөйлеудің әңгіме түрі мен оның құрылу мазмұны жөнінде білімдерін жетілдіру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Үйді жинаудың әдебі". Мақсат-міндеттер: балаларға қағаз бетіндегі заттардың орналасу бағдары жөнінде жаңа білімдер беру, "үстіңгі сол жақ", "үстіңгі оң жақ", "төменгі сол жақ", "төменгі оң жақ"	Сурет салудан ойын-жаттығу "Үтік". Мақсат-міндеттер: балаларды үтік суретін заттық салу техникасына үйрету; үтіктің негізгі құрылымы бөлшектеріне қарап, тұтас техника құралы бейнесін танып, атауға талпындырту;	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ауа баптағыш (кондиционер)". Мақсат-міндеттер: балалардың ауа баптағыш туралы білімдерін кеңейту; қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсініктерін	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Пойыз". Мақсат-міндеттер: балаларды "Пойыз" туралы өтірік өлеңмен таныстыра отырып, өтірік өлең мазмұны бойынша өлең жолдарын мәнерлеп оқу; өтірік өлең мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға

"Ғажайып сандық". Максат-міндеттер: балаларда геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы және үшбұрышты тану және атау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; пішіндерді сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу.	Ұғымдарын қалыптастыру. Ұлттық ойын. Түйілген орамал Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйілді орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.	тұрмыстық техника құралдарының адамның өмірінде алатын орны туралы мәліметтерді тиянақтау. Қимылды ойын. Кетті, кетті орамал! Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне нығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің сыртында қалады. «Кетті, кетті орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін тапса, сол ойыншымен орын алмасады.	нығайту; адамдар мен техника құралдарының қысқы дайындықтары жөнінде түсінік беру. Құрастырудан ойын-жаттығу "Тазалық - денсаулық кепілі". Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: йогурттың қалдық ыдысынан және қағаздан қолжуғышты құрастыруға үйрету. Тұрмыстық техника мультфильмін көру.	үйрету. Ұлттық ойын. Кім жылдам? Ежелгі ойындардың бірі - Кім жылдам? Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын нықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін менгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.
--	--	--	--	---

Балалармен жеке жұмыс	Бексұлтан, Томирис Дидактикалық ойын «Артық затты тап». Мақсат-міндеттер: үй жиһаздарын басқа заттардың арасынан ажырату іскерліктерін жетілдіру, танымдық кабілеттерін дамыту. Балаларға үй жиһаздарымен қатар басқа да заттардың суретін тарату. Артық заттарды алып тастайды. Алып тастаған затты атайды.	Рахман, Мустафа «Луллий шеңбері» ойыны. Балалар заттар мен заттардың түстерін сәйкестендіреді. Сол заттарды сипаттайды. Мысалы, теледидар - сұр түсті. Педагог балаларға теледидар жайлы ақпарат береді.	Омар, Осман «Үлкен –кіші» Зейінді дамытуға арналған жаттығу. Бір қатарға зат немесе сурет орналастыру. заттарды 10 сек., ашып, қайта жауып, балалардың есінде қалған барлық заттарды сұрау.	Ержігіт, Айзере "Не зат, не үшін керек?" дидактикалық ойыны. Балаларға тапқан суреттерін тақтаға іледі ұсыну. Бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды, ал екінші бала қажеттілігін, пайдасын айтады. - Бұл не? Бұл - үтік. - Үтікпен не істейміз? Оны алдымен токқа қосамыз. Ол ысиды, содан кейін киім үтіктейміз. Онымен балаларға қолдануға болмайды. - Неге? Үтік қауіпті, онымен қолымызды күйдіріп аламыз. Үтік адам тұрмысына өте қажет. Егер үтік болмаса киімдеріміз мыжырылып, қыртыстанып тұрады.	(дене шынықтыру) «Тыныш, ақырын, баппен тыныс аламыз» Демалу гимнастикасы. Балаларды топтың ортасына шеңберге тұрып, демалу гимнастикасын жасауды ұсыну. Әр бала өздеріне ұнаған таяқшаға ілінген гүлді таңдайды. Сөздерді айтып, қимылдарды қайталайды. Қане, қане, балалар, (балалар тұрады) Шаршағанда ырғалып, (тербеліп тұрады) Гүлге ұсап демалам. (отырады) Жұпар нісін бір іскеп, (мұрнымен демді ішіне тартып, шығарады) Гүлдей болып жайқалам. (қолдарын жоғары көтереді)
Серуендеуге дайындық Серуен	Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау				
Серуеннен оралу	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (өзін-өзі басқару дағдылары) Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).				

және тағы басқа әрекеттер)	Музыкалық аспаптармен ойындар. Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуісіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). (музыка) Өнер бұрышында техника және жиназдар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білу, геометриялық пішіндерді көру және сынап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындық-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналармен балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу	«Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту	Ата аналармен балалардың төлем акысы туралы әңгімелесу.	Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу Ертенгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.

ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Күншуақ» ересек топ

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.02–23.02.2024ж

Апта күндері	Дүйсенбі 19.02.2024ж	Сейсенбі 20.02.2024ж	Сәрсенбі 21.02.2024ж	Бейсенбі 22.02.2024ж	Жұма 23.02.2024ж
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңестер	Таңертең балаларды қабылдап, бала ауырған жағдайда балабақшаға ескертуі керектігін ата-аналарға айту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	«Спорт-лото». Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу, спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер. Ойынның барысы: балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады. Карточканы кім бұрын жауып таса, сол жеңіске жетеді. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағдылар)	«Адалдық шеңбері» Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. Балаларды екі командаға бөлу. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар	Тақпақ жаттау "Тазалықтың досы" Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолың жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. Тазалықтың досы - Су дегенің осы. Бай! Бай! -Бұл бала Қай бала? Қарашы Үстіне, Өзіне - Не түсті Көзіне? Бет-ауыз Кір айғыз. А. Меңжанова (коммуникативтік дағды)	Дидактикалық ойын. «Не артық?», «Спорт». Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілеттерін дамыту, қызықтыру. Спорт атауларын бекіту. (физикалық қасиеттерін дамыту)	«Тек жақсы қасиеттерді ата» Балаларға допты лақтыру. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сарандық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. (коммуникативтік дағды)

	өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады. (коммуникативтік дағды)			
Таңғы жаттығу	"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай топтармен) - Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау." (дене шынықтыру)			

Таңғы ас	Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын үстелге қою) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтану әдебін сақтау. Бата беру Рахмет дәмде, Ризалық берсін бәріне. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	"Дені саудың - жаны сау" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	"Спорт" түрлері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Жеке бастың гигиенасы туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Денсаулық туралы мақал-мәтелдер жаттау. (көркем әдебиет)	Дәрумендер жайлы әңгімелесу. (қоршаған ортамен таныстыру)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу". Мақсат-міндеттер: гимнастикалық қабырғамен әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, қолдарын жіңішке тактайшалардан ажыратпай, төртінші жіңішке тактайшаға дейін өрмелеп, қайта түсу (2 рет өрмелеу); гимнастикалық орындықтың үстімен қолды белге қойып, бір аяқтың өкшесін екінші аяқтың ұшына қойып, жүру (2-3 рет) және 6 м қашықтыққа дейін алға жылжи отырып, аяқтан аяққа секіру (2-3 рет), 8 м қашықтықта жүріп келе жатып, допты (баскетбол вариантындағы үлкен диаметрдегі доп) соғуға жаттықтыру.	Музыка Педагог жоспары бойынша Құрастырудан ойын жаттығу. "Аққу құсы әдемі". Мақсат-міндеттер: балаларды табиғи материал: қарағай бүршігі және ермексаздарды пайдалана отырып аққуды құрастыруды үйрету; ермексаздың көмегімен жеке бөлшектерді біріктіру; іскерліктерін жетілдіру; табиғи материалдар туралы білім бере отырып, жыл құстары, аққу туралы туралы білімдерін кеңейту.	Дене шынықтыру "Қол мен аяқтарымыз шымыр". Мақсат-міндеттер: балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; таяқтың астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Аурудан аяған күштірек". Мақсат-міндеттер: балаларды "Аурудан аяған күштірек" әңгімесімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; әңгіме мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.	Музыка Педагог жоспары бойынша Құрылыс ойындары: "Спорт алаңын құрастыру", "Қуыршаққа арналған спорт алаңы".	Дене шынықтыру "Қанатпен тарту ойыны". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүтіру; таяқтың астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. Жапсырудан ойын-жаттығу "Дәрумендер". Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті майлықтарды жырту, умаждау әдісі арқылы өздері таңдап алған жеміс кима үлгісінің үстіне желімнің көмегімен жапсыруға, дайын жемістерді қағаздан жасалған себеттің үстіне жапсыру.

	Қазақ тілі "Кел, жаттығайық!" Адамның дене мүшелері. Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы адамның дене мүшелері туралы түсініктерін дамыту; саламатты өмір салты, жаттығудың маңызы жайлы түсініктерін қалыптастыру; дәрумендердің пайдасы, туралы түсініктерін бекіту.				
Серуендеуге дайындық Серуен	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше кию мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Кімдерді жинау, ілу. "Қырауды бақылау." (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға катып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.	Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Болжау. Аязды күні қар жауса, күн жылынады. Байқау: жылы күндері жауған қар жабысқақ болатыны. Жабысқақ қардан аққала жасауға ыңғайлы екенін балаларға түсіндіру. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау. Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар	Қарлы боранды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Ересек адамдармен бірге орындлатын қарапайым еңбек тапсырмалары: желді қарауға арналған айналым бағыттаушыны жасау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту.	Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей ұшады, жылырақ күндері қар ауырлау тарталды, қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Тапсырма. «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну.

	Еңбек: бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. (еңбек дағдылары) Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.	түсіндіру. Еңбек. Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. (еңбек дағдылары) Қимылды ойын. «Бөйге». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балалардың өзіндік іс-әрекеті.	аудару. Еңбек. Гүлзардың орнын жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары) Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Елтілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Балалардың өзіндік іс-әрекеті.	Қимылды ойын. (дене шынықтыру) "Ұшақ". Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу. Балалардың өзіндік іс-әрекеті.	Еңбек: тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарлы жинаса, енді бірі оны тасиды, шаңаға артады, ұжым болып бәрі қарлы тазалауға қатысады. Мақсат-міндеттер: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. (еңбек дағдылары) Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жылжымалы лақтырған нысанаға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Балалардың өзіндік іс-әрекеті.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын үстелге қою) Гигиеналық дағдылар қолдар" ойын жаттығуы				
Күндізгі ұйқы	"Тап-таза"				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Үш дос» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)	«Үш дос» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім" Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту.	Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу. Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.	Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім" Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту	Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу. Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын үстелге қою)				

Балалардың дербес әрекеті (базу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Қанекей, сапқа тұр!" (адам бейнесін салу) Мақсат-міндеттер: балалардың топтас достармен бірігіп танертенгі жаттығуды жасап жатқан балалар бейнесін салуға бейімдеу; адамның денесін салуда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қатарға тұрайық, спортшылар". Мақсат-міндеттер: балалардың бірден беске дейінгі реттік сандар, тура және кері санау жөніндегі білімдерін нығайту.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жалбыз өсімдігі". Мақсат-міндеттер: балаларды жалбыз өсімдігімен таныстыру; жалбыздың шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Денсаулығым - байлығым". Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулық туралы білімдерін кеңейту; денсаулықты сақтау үшін денсаулық ережелері мен қағидаларын бала бойына сіңіру; әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпен қарауы туралы ұғым беру.
Балалармен жеке жұмыс	Омар, Осман «Қолға арналған жаттығулар» Мақсат-міндеттер: Қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы: Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгүлі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.	Нұрислам, Аль Рамир Такпақ айту Біз осылай өсеміз Суда жүзіп өсеміз, Қырда жүріп өсеміз, Күнде қызып өсеміз, Құмда шыжып өсеміз. Таулар көріп өсеміз, Баулар егіп өсеміз. Жеміс теріп өсеміз, Женіскер боп өсеміз. Талаптанып өсеміз, Қанаттанып өсеміз, Талаптанып, қанаттанып өсеміз! М.Әлімбаев	Мадина, Джамал «Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Көрнекілік: Топтағы ойыншық. Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тактаға шақырады. Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп	Нұртас, Арсен «Суреттер құрастыру». Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері. Ойынның мазмұны: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.	Мустафа, Мерей "Дене мүшелері" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ығғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою) Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі

			отырса, ойыншықты табады.		жаққа сермеу Мынау – сол қолым. Барлық істі басқарған. (Шапалақтап)
Серуендеуге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жанғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Өнер бұрышында денсаулық, спорт тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Жеке бас гигиенасының басты ережелері" туралы ата-аналармен әңгімелесу	Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу	Ата аналармен балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгімелесу	Ата аналарға балаларды балабақшадан себепсіз қалдырмауларын ескерту

ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Күншуақ» ересек топ

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.02–01.03.2024ж

Апта күндері	Дүйсенбі 26.02.2024ж	Сейсенбі 27.02.2024ж	Сәрсенбі 28.02.2024ж	Бейсенбі 29.02.2024ж	Жұма 01.03.2024ж
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңестер	«Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Ертегі желісінің сюжетті суреттерін бояу. (шығармашылық дағды)	«Ата-аналарға қамқорлық жасау» Ойын мақсаты: ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта тұрады. Балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрау: - анаң ауырып қалды; - анаң жұмыстан шаршап келді; - анаңның көңіл-күйі жоқ; - анаңның шаруасы көп; Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен	Дидактикалық ойын «Ғажайып кітап». Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын ертегілердің атауларын білдіретін сөздермен байыту. (коммуникативтік дағды)	"Лото" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атауларын бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арнаған панно-карточкалар. (танымдық және зияткерлік дағды)	"Суретті жина" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету. Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер. (танымдық және зияткерлік дағды)

		бала жеңімпаз болады. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)			
Таңғы жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (күрсаумен)	1. Бастапқы қалып: күрсаудың ішінде денені тік, аяқты алшақ, қолды төменде ұстау. 1 - күрсаудың ішінде отыру; 2 - күрсауды екі жанынан ұстап, бел деңгейіне әкелу; 3 - күрсаудың ішіне отырып, оны жерге қою; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, күрсауды тігінен артына ұстау. 1 - 2 - денені оңға бұру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, күрсауды жоғары жағынан екі қолымен ұстап, тігінен жерге қою. 1 - 2 - күрсауға сүйене тұрып, оң аяғын артқа ұстау; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, бүгілген қолымен күрсауды алдына ұстау. 1 - 2 - отыру, күрсауды алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, күрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1 - оң тізесін бүгіп, күрсаудың шетіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: күрсаудың ішінде тұрып, қолын беліне қою. Педагогтің 20-ға дейін санауы бойынша күрсаудан шығып секіру, қайтадан күрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, күрсау төменде (күрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - күрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. (дене шынықтыру)			
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үтітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. <i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы,			

	Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық	Көктем жаршысы - құстар тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	Көктемнің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Көктемнің суретіне қарап әңгімелесу. (қоршаған ортамен таныстыру)	Көктем туралы тақпақтар жаттау. (көркем әдебиет)	Көктем туралы ән айту. (көркем әдебиет)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Арқан үстімен адымдап жүру". Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бірінің артынан бірі бір бағытта жүру және жүтіруге жаттықтыру; педагогтің белгісі бойынша жүріп және жүтіріп келе жатып, басқа бағытқа ауысуға дағдыландыру; жүріп келе жатып, қолға арналған жаттығуларды жасауға және шапырап жүтіруге үйрету. Қазақ тілі "Көктем мезгілі. Көктемгі табиғат құбылыстары." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұтымындағы көктем мезгілі және көктемгі табиғат құбылыстары	Музыка Педагог жоспары бойынша Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Түлкі мен қырғауыл". Мақсат-міндеттер: балаларды "Түлкі мен қырғауыл" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзіне зейін қойып, мұхият тыңдауға үйрету.	Дене шынықтыру "Цирк атлеттерінің сайысы". Мақсат-міндеттер: балаларды "жыланша" ирелендеп жүру; аяқты алшақ қойып, біреуін - алға, екіншісін - артқа қойып, бір орында тұрып секіруге үйрету. Сурет салудан ойын жаттығу. «Торғай» Мақсат-міндеттер: Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Торғайдың суретін ұқыпты бояуға дағдыландыру.	Музыка Педагог жоспары бойынша Құрастырудан ойын-жаттығу "Дос болайық, көбелек" Мақсат-міндеттер: балаларды үлгі бойынша есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруға үйрету.	Дене шынықтыру "Түрлі жолдармен жүре аламыз". Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды алысқа дәлдеп оң қолымен лақтыруға (3,5-6,5 метрден кем емес) үйрету. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ән салып, құс келді". Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың көктемдегі мінез-құлқында болатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін ажыратып, атай білуге үйрету.

	жайлы білімдерін кеңейту; құстардың ерекшеліктері жайлы түсініктерін қалыптастыру; көктем жайлы тақпақ жаттауға жаттықтыру; Байқаппаздыққа, ізденімпаздыққа, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін дамыту.				
Серуендеуге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға дағдыландыру.				
Серуен	Қардың алғашқы еруін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Тақпақ. "Көктем". Көкке бопп өңірді, Көктем келді көңілді. Бау-бақшада, орманда Құстар әні төгілді. Бақылау. Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерден қар бірдей еріп кетпейді? (сң алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен	Күннің көзін бақылаймыз. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) Бақылау. Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді. Қара және ашық түсті	Мұз сүңгісін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) Бақылау. Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналады. Сүңгінің тұр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме). Тәжірибе: мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Көзіне көрінбейді, Қолына ілінбейді. Бірақ та, құлағына, Ұдайы күбірлейді. (Жел) Бақылау. Ауа райы жағдайы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту. Еңбек. Өсімдіктерге су құю.	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Жұмбақ. Орманның, таудың үстінен Ірі кілем төселген Менің де, сенің де Үстіңнен жайылған Бірде сұр, бірде көк, Бірде көгілдір. (Аспан) Бақылау. Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аудару. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт

жарық жердің қарлары тез еритіндігі туралы балаларға түсіндіру. Еңбек. Терезе алдындағы бакша (суару). Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты копсыту, су бүрку. Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Қимылды ойын. «Жүгір-отыр-жүгір!» (дене шынықтыру) Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру. («Жүгір!» балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!» отырады); жылдамдықты (бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекеттерін қалыптастыру. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. Ойын барысында бірігіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау. Ойын әрекетін орындау.	заттарды қолмен ұстап көру, салыстыру, шешімін жасау. Еңбек. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскеде кокыс жинау). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. (учаскеде кокыс жинау) (еңбек дағдылары) Қимылды ойын: «Күн мен түн». (дене шынықтыру) Рөлдерде ойнағанда өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. Ойын ережелерін сақтап, жауапты рөлдерді орындай білуге үйрету.	анықтау. Қорытынды: мүз сүңгі - бұл қатқан су, күн жылы болғанда ериді. Еңбек. Ауладағы еңбек Қоқысты балаларға жинауды үйрету және оларды белгіленген жерге апарту. Тазалыққа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары). Қимылды ойын. «Қоймадағы тышқандар». (дене шынықтыру) Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту. Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.	Балалар тәрбиешінің басқаруымен аулада пайдалы еңбекпен айналысады. Өз бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерді ұқыпты күтуге тәрбиелеу(еңбек дағдылары) Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер». (дене шынықтыру) Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. Аулада ойын ойнау. Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау.	жоқ, ашық аспан, ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Еңбек. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскеде кокыс жинау). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. (учаскеде кокыс жинау) (еңбек дағдылары) Қимылды ойын. «Қоңырау». (дене шынықтыру) Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойымен қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың өзіндік іс-әрекеті.
--	---	--	--	---

					Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, колдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын үстелге қою) Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: қасық пен майлықты дұрыс қолдану; нанды үтіптеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемегуге дағдыландыру.				
Күндізгі ұйқы	«Алма» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.	Аудио тыңдау. Ж.Байырбекванын «Бесік жыры» әні (музыка)	«Дос іздеген бота» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру; Массажды алапалардан өту. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығу жасау. Мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алақанға арналған "Кіріп" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналыру Мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.	Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.	Төсек үстінде жатып, аяқ колдарына гимнастикалық жаттығу жасау. Орнынан тұрып, еденді жалаң аяқ басып жүру	Майтабанның алдын алу. Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүтіру. Гимнастикалық жолдан жүру Жүрейік біз жүрейік Аяқты біз емдейік Аяқ қолым мықты болып Көпірлерден өтейік.
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын үстелге қою) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Көктемгі ғажайыптар. Геометриялық	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-у] дыбысы. "Тырналар жыры" әңгімесін оқу."	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Құстарға ұя жасайық" Мақсат-міндеттер: Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу,	Сурет салудан ойын-жаттығу "Құмыраға салынған гүлдер". Мақсат-міндеттер: Балалардың	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аққуды мүсіндейміз". Мақсат-міндеттер: Балаларды

әрекеттер	денелер мен геометриялық пішіндер". Мақсат-міндеттер: балаларды геометриялық денелермен таныстыру; геометриялық денелер және геометриялық пішіндерге ортақ ұқсастық, айырмашылық туралы негізгі ұғымдар беру.	Мақсат-міндеттер: балаларды дауыссыз [У] дыбысымен таныстыру; аналар мерекесі жөнінде мағлұматтарды тиянақтау; жыл құстары, тырналардың тіршілігі жөнінде білім беру; "туған жер", "мекендеу орны" ұғымының адам мен аң-құстарға тән құбылыс екенін түсіндіру.	оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.	вазадағы гүлдер композициясын салу техникасына үйрету; гүлдердің бастарын қылқалам алқылы жақпалап салу, вазаны жарты шеңбер тәрізді етіп, қағаз бетінде бейнелердің үйлесімділігін сақтауға талпындырту.	ермексазdan кесек үзіп, домалату, есу арқылы аккуды мүсіндеуге үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	Омар, Осман, Ержігіт "Көктем" тақырыбында әңгімелесу (иллюстрацияларды қарастыру). Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Аль Рамир, Томирис, Нұрайым Түрлі-түсті моншақтарды тізбектеу. Мақсат-міндеттер: ойындар арқылы балалардың білім және біліктерін қалыптастыру. Моншақтарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету. Ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және моншақтардың түсін, көлемін, пішінін тану арқылы ақыл-ой белсенділігін арттыру. Қол мен саусақ	Нұрислам, Нұрайша, Медина Мақал-мәтелдер жаттау. Ананың сүті – бал, Баланың тілі – бал. Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала. Әдептілік белгісі – іліп сәлем бергені.	Топ балаларымен "Құстар келді" тақырығын жаттау. Биікке, биікке Қар су болып жөнелді, Қалды дала жаланап. Күн нұрына кенелді, Бұршақ атып бар ағаш. Келіп көктем құстары Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алды.	Нұрислам, Омар, Осман Жаңылтпаштар айтқызу. Бір ақ шымшық, Екі ақ шымшық, Үш ақ шымшық, Төрт ақ шымшық.

	ұштарының қимылдарын дамыту.			
Серуендеуге дайындық	Кімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машыктандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; (дербес әрекет)			
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнеленген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)			
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру».	«Абайла! Төбедегі мұз».	Ата-аналармен баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.	Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)